

Қосымша парақ - тұтынушыға арналған ақпарат

Гербион® исланд мүгінің шәрбаты Исланд мүгінің қою экстрактісі

Препаратты қолданар алдында қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, себебі мұнда Сіз үшін маңызды мәліметтер қамтылған.

Әрқашан препаратты дәл осы параққа немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарына сай қабылдаңыз. Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Сізге оны қайтадан оқу қажет болуы мүмкін.

Егер Сізге қосымша ақпарат немесе ұсынымдар қажет болса, дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4 бөлімінде атап көрсетілмеген реакцияларға қолданылады.

Егер жағдай жақсармаса немесе 7-14 күннен кейін нашарласа, Сізге дәрігерге қаралған жөн.

ҚОСЫМША ПАРАҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады.
2. Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын қолданар алдында нені білу керек.
3. Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын қолдану.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер.

1. ГЕРБИОН® ИСЛАНД МҮГІНІҢ ШӘРБАТЫ ПРЕПАРАТЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Респираторлық жүйе. Жөтел және суық тию аурулары кезінде қолданылатын препараттар. Жөтелге қарсы препараттар, қақырық түсіретін препараттармен біріктірілімдерді қоспағанда. Жөтелге қарсы басқа да препараттар.

АТХ коды R05DB.

Гербион® исланд мүгінің шәрбатының құрамында исланд мүгінің қою экстрактісі бар. Осы өсімдік тектес препарат мыналарды жеңілдету үшін қолданылады:

- құрғақ, тітіркендіргіш жөтелде
- тамақтың қарлығуы мен ауыруында.

Гербион® исланд мүгінің шәрбатының құрамында ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығын жабындайды, қорғайды және ылғалдандырады деп саналатын мукополисахаридтердің көп мөлшері бар, осылайша ол тітіркену мен құрғақ жөтелді жояды.

Егер жақсару орын алмаса немесе Сіз 7-14 күннен кейін нашарлауды сезсеңіз, емдеуші дәрігерге қаралу қажет.

2. ГЕРБИОН® ИСЛАНД МҮГІНІҢ ШӘРБАТЫ ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА НЕНІ БІЛУ КЕРЕК

Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын қолданбаңыз:

- егер Сізде исланд мүгінің экстрактісіне немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергия болса (қосымша парақтың 6 бөлімінде көрсетілген)
- 1 жасқа дейінгі балаларда
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе емізіп жүрсеңіз

- егер Сізде тұқым қуалайтын фруктоза көтере алмаушылығы болса.

Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары

Гербион® исланд мүгінің шәрбатын қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен келесі жағдайларда кеңесіңіз:

- тыныс алудың қиындауымен, дене температурасының көтерілуімен, созылмалы жөтелмен немесе қан аралас қақырықтың бөлінуімен қатар жүретін тыныс алу жолдарының ауруларында емдеуші дәрігерге дереу қаралу керек.

- егер Сіздің жағдайыңыз препаратты қолданғаннан кейін 7-14 күн өткен соң жақсармаса, онда дәрігерге қаралу керек.

Балалар

1 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға препаратты дәрігердің кеңесі мен оның ұсынымдарынан кейін ғана қолдануға болады.

Гербион® исланд мүгінің шәрбатын жаңа туған нәрестелерде және бір жасқа дейінгі сәбилерде қолданбаған жөн.

Басқа препараттар және Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препараты

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне Сіз не қабылдап жатқаныңыз, жақында қабылдағаныңыз немесе қандай да бір дәрілік препараттарды қабылдауды бастайтыныңыз туралы хабарлаңыз.

Гербион® исланд мүгінің шәрбатының басқа дәрілік препараттардың әсеріне ықпалы туралы хабарламалар тіркелген жоқ.

Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын тағаммен және сусындармен бірге тұтыну

Шәрбатты қабылдағаннан кейін бірден тамақ немесе сусындар ішуге болмайды, себебі бұл препаратты ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығынан шығаруды жеделдетуі мүмкін. Дегенмен, емдеу кезінде шай немесе жылы сұйықтықты көп ішу ұсынылады, бірақ шәрбатты қабылдағаннан кейін бірден емес.

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Гербион® исланд мүгінің шәрбаты жүкті әйелдерде және лактация кезеңінде осы популяцияда исланд мүгі экстрактісін қолдану жөніндегі деректердің жеткіліксіздігіне байланысты қолдануға ұсынылмайды.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс

Автомобильді басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер ету анықталған жоқ.

Гербион® исланд мүгінің шәрбатының құрамында сұйық сорбитол (кристалданбайтын) (E420), натрий бензоаты (E211) және этанол бар.

1 мл шәрбаттың құрамында 760 мг сұйық сорбитол (кристалданбайтын) бар. Сорбитол фруктозаның көзі болып табылады. Егер сіздің дәрігеріңіз Сізде (немесе Сіздің балаңызда) кейбір қанттарға жақпаушылық бар деп айтса немесе адамның фруктозаны сіңіру қабілеті бұзылатын, сирек генетикалық ауру - тұқым қуалайтын фруктоза көтере алмаушылығы (HFI) диагнозы анықталған болса, Сіз (немесе Сіздің балаңыз) препаратты қабылдауды бастамас бұрын дәрігеріңізбен кеңесуіңіз керек.

Сорбитол асқазан-ішек жолының ағзалары тарапынан жайсыздық сезімін туындатуы мүмкін, сондай-ақ орташа іш жүргізетін әсер етеді.

Препарат құрамында бір дозаға 100 мг-нан кем этанолдың (спирттің) шағын мөлшері бар. Бұл дәрілік препараттың құрамында 1 мл-де 2 мг натрий бензоаты бар.

3. ГЕРБИОН® ИСЛАНД МҮГІНІҢ ШӘРБАТЫ ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

Әрқашан препаратты емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарына сәйкес қабылдаңыз. Күмән туындаған жағдайда емдеуші дәрігерден немесе дәріхана қызметкерінен кеңес алыңыз.

Ересектер және 16 жастан асқан жасөспірімдер үшін ұсынылатын доза тәулігіне төрт рет 15 мл шәрбатты құрайды (бұл 360 мг исланд мүгінің қою экстрактісіне баламалы).

Балалар мен жасөспірімдерде қолданылуы

10 жастан 16 жасқа дейінгі балалар үшін ұсынылатын доза тәулігіне төрт рет 10 мл шәрбатты құрайды (бұл 240 мг исланд мүгінің қою экстрактісіне баламалы).

4 жастан 10 жасқа дейінгі балалар үшін ұсынылатын доза тәулігіне төрт рет 5 мл шәрбатты құрайды (бұл 120 мг исланд мүгінің қою экстрактісіне баламалы).

1 жастан 4 жасқа дейінгі балалар үшін ұсынылатын доза тәулігіне төрт рет 2,5 мл шәрбатты құрайды (бұл 60 мг исланд мүгінің қою экстрактісіне баламалы).

Шәрбатты қабылдағаннан кейін бірден тамақ немесе сусындар ішуге болмайды, себебі бұл препаратты ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығынан шығаруды жеделдетуі мүмкін. Дегенмен, емдеу кезінде шай немесе жылы сұйықтықты көп ішу ұсынылады, бірақ шәрбатты қабылдағаннан кейін бірден емес.

Емдеу ұзақтығы аурудың сипаты мен ауырлығына байланысты, сондықтан емдеу ұзақ уақыт бойы (7-14 күн) үздіксіз жалғасуы мүмкін.

Препаратты қабылдауды клиникалық симптомдар жоғалғаннан кейін бірнеше күн бойы жалғастыру ұсынылады.

Препарат ішуге арналған. Қолданар алдында құтыны жақсылап сілкіу керек.

Егер Сіз Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын қажет болғаннан артық қабылдаған болсаңыз

Препаратты ұсынылғаннан асатын дозада қолданбаңыз. Артық дозалану жағдайлары туралы хабарланған жоқ.

Егер Сіз Гербион® исланд мүгінің шәрбатын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Өткізіп алған препарат қабылдауды өтеу үшін қосарлы дозаны қабылдамаңыз.

Егер Сіз Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз

Препаратты қолдану туралы сұрақтар туындаған жағдайда емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. БЫҚТИМАЛ ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

Барлық дәрілік препараттар сияқты препарат жағымсыз реакцияларды туындатуы мүмкін, бірақ олар барлығында біліне бермейді.

Белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

- терінің қышынуымен, бөртпемен, эритемамен немесе тыныс алудың қиындауымен көрінетін дәрілік препараттың компоненттеріне аллергиялық реакциялар
- орташа іш жүргізетін әсері (құрамында сорбитолдың бар болуына байланысты), асқазан-ішек жолының ағзалары тарапынан жайсыздық сезімі

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар болса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта атап көрсетілмеген реакцияларға қолданылады. Сіз сондай-ақ мүше - мемлекеттің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар жөніндегі ақпараттық дерекқорға жағымсыз реакциялар туралы хабарлай аласыз. Осы жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бауыржан Момышұлы д-лы, 2/3 үй

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Эл. пошта: farm@dari.kz

Веб сайт: www.ndda.kz

Ресей Федерациясы

109074, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, 1 құр.

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі

Тел.: +7 (495) 698 45 38, +7 (499) 578 02 30

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Веб-сайт: www.roszdravnadzor.gov.ru

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский түйық көшесі, 2а үй

«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» республикалық біртұтас кәсіпорны

Тел.: + 375 (17) 242 00 29

Эл. пошта: rcpl@rceth.by

Веб-сайт: www.rceth.by

Армения Республикасы

0051, Ереван қаласы, Комитас д-лы, 49/4 үй

«Академик Э. Габриелян атындағы Дәрілер мен медициналық технологияларды ғылыми сараптау орталығы»

Тел.: + 374 60 83 00 73

Эл. пошта: admin@pharm.am

Веб-сайт: www.pharm.am

Қырғыз Республикасы

720044, Шу облысы, Бішкек қ., 3-ші Линия к-сі, 25 үй

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: + 996 (312) 21 05 08

Эл. пошта: dlomt@pharm.kg

Веб-сайт: www.pharm.kg

5. ГЕРБИОН® ИСЛАНД МҮГІНІҢ ШӘРБАТЫ ПРЕПАРАТЫН САҚТАУ

Препаратты балалардың қолы жетпейтін және көрінбейтін жерде сақтаңыз.
Препаратты таңбалауда көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолданбаңыз.
Жарамдылық мерзімі көрсетілген айдың соңғы күні болып табылады.
30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Құты ашылғанға дейін және одан кейін тоңазытқышта сақтауға болмайды.
Құтыны ашқаннан кейінгі қолдану мерзімі - 3 ай.
Препаратты кәрізге тастамаңыз (төкпеңіз). Дәріхана қызметкерінен бұдан былай қажет болмайтын дәрі-дәрмектерден қалай арылуға болатындығын анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. ҚАПТАМАНЫҢ ІШІНДЕГІСІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘЛІМЕТТЕР

Гербион® исланд мүгі шәрбатының құрамында

1 мл шәрбаттың құрамында
белсенді зат - 6 мг (96 мг - 108 мг исланд мүгіне баламалы) исланд мүгінің (*Cetraria islandica* (L.) Achaius s.l., қатпарлары) қою сулы экстрактісі (16 - 18:1) бар,
қосымша заттар: сұйық сорбитол (кристалданбайтын) (E420), ксантан шайыры (E415), натрий бензоаты (E211), лимон қышқылы моногидраты (E330), тазартылған су, лимон хош иістендіргіші (құрамы: лимон майы, этанол (E1510), су, лайм майы, хош иісті субстанциялар, *Litsea cubeba* табиғи цитраль экстрактісі)

Гербион® исланд мүгінің шәрбаты препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Өзіне тән иісі және дәмі бар, сәл бозанданатын, сары-қоңырдан қоңыр түске дейінгі сұйықтық. Табиғи субстанцияларға тән, елеусіз шөгінді байқалуы мүмкін.

150 мл шәрбаттан алғашқы ашылуы бақыланатын бұралатын пластик қақпағы бар күңгірт шыныдан жасалған шыны құтыларға құйылған.

1 құты өлшеуіш қасықпен және қазақ және орыс тілдеріндегі қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салынады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«КРКА, д.д., Ново место» АҚ
Шмарьешка цеста, 6, 8501 Ново место, Словения
Тел.: +386 7 331 21 11
Факс: +386 7 332 15 37
Эл. пошта: info@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Өндіруші

«КРКА, д.д., Ново место» АҚ
Шмарьешка цеста, 6, 8501 Ново место, Словения
Тел.: +386 7 331 21 11
Факс: +386 7 332 15 37
Эл. пошта: info@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ наразылықтар туындаған жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына хабарласу керек

Қазақстан Республикасы
«КРКА Қазақстан» ЖШС

050059, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы 19, 207 кеңсе

Тел.: +7 (727) 311 08 09

Факс: +7 (727) 311 08 12

Эл. пошта: info.kz@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Ресей Федерациясы

«КРКА-РУС» ЖШҚ

143500, Мәскеу обл., Истра қ., Московская көш., 50 үй

Тел.: +7 (495) 994 70 70

Факс: +7 (495) 994 70 78

Эл. пошта: krka-rus@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «КРКА, tovarna zdravil, d.d., Novo mesto» акционерлік қоғамының (Словения Республикасы) өкілдігі

220114, Минск қ., Филимонов к-сі, 25Г үй, 315 кеңсе

Тел.: + 3757407409230

Факс: + 3757407409230

Эл. пошта: info.by@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.by

Армения Республикасы

Армения Республикасындағы «Крка, д.д., Ново место» өкілдігі

0001, Ереван қ., Налбандян к-сі, 106/1 үй, 103 кеңсе

Тел.: + 374 11 56 00 11

Эл. пошта: info@krka.am

Веб-сайт: www.krka.biz

Қырғыз Республикасы

«КРКА, товарна здравил, д.д., Ново место» АҚ Қырғызстандағы өкілдігі

720040, Шу облысы, Бішкек қ., Эркиндик бульвары, 71 үй, блок А

Тел.: + 996 (312) 66 22 50

Эл. пошта: info.kg@krka.biz

Веб-сайт: www.krka.biz

Қосымша парақ қайта қаралды

02 ақпан 2022 ж.

Басқа ақпарат көздері

Осы препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында бар:
<http://www.eurasiancommission.org>.